Құттықтаймыз!

Талдықорған қаласындағы Ломоносов атындағы мектептің оқушысы Абдыхамитов **Арман Маратұлы** жеткен жетістігімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақсың намыстан жаралған,
Бойыңды ерлеткен сан арман.
Қайсарлық, батылдық, жайсаңдық,
От жанған санаңнан нәр алған.
Осылай ерлікпен ерлейді,
Еліне, ұлтына адал жан.

Кешегі Бауыржан, Қасымдай,
Жарық етіп топ жардың жасындай.
Қасқайып тұратын қашанда,
Қайдағы қиялға бас ұрмай.
Әрине, Алаштың баласы,
Болуы керек қой осындай.

Сен, сенсің, әлбетте, батырсың,
Бірақта алдыңда жатыр шың.
Талай жас сен жеткен биікке,
«Жетем», – деп әр таңын атырсын.
Сесіңнен сескеніп, десіңнен,
Өзгелер өзегін қатырсын.

Бас алға, шық төрге, қианға,
Қолдасын жолыңды бір Алла.
Қашанда аламан бәйгеде,
Іллайым топ жарып жүр алда.
Үлесін салатын шың-құзға,
Батылдық жарасар қыранға.



Қажет АНДАС.

Талдықорған қаласының тұрғыны **Шолпан Өскенбаеваны** туған күнімен құттықтаймын!

Шоқтанып Ай мен Жұлдыздар,
Мазалап жанды түнгі ызғар.
Тұрса да, ғажап, жүрекке,
Нұр қуйып тұрған бір қыз бар.


Тып-тыныш түнде күлімдеп,
Сезімнің қылын жұр үрлеп.
Есіме түссе сол бір шақ,
Кетеді бойым дірілдеп.

Қол жетпес арман үздігіп,
Сан қилы ойға жүздіріп.
Шаншиді келіп жүректі,
Сағыныш сезім ызғырық.

Таба алмай жанға тыныштық,
Түсінісуге тырыстық,
Шықпады одан нәтиже,
Бағытты бұрып қырыстық.

Арманы асыл жарық күн,
Өзіңнен қуат алыппын.
Өмірге ғашық пенде едім,
Сол ғашықтықтан жалықтым.

Қ. ШАКЛИН.



КОНКУРС
«Нарочно не придумаешь»



ВНИМАНИЕ!

Уважаемые читатели «Вечернего Жетісу», продолжается фотоконкурс «Нарочно не придумаешь». Условия участия просты: отправьте письмо с интересной фотографией в редакцию с пометкой «Нарочно не придумаешь». Самые забавные мы опубликуем на страницах «Вечерки». Победители будут определяться и награждаться ежеквартально. Ждем ваших писем по адресу: 040000, г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 32, телефон 8 7282 24-13-93, редакция газеты «Вечерний Жетісу», с пометкой «Нарочно не придумаешь» или на e-mail: evening.zhetysu@mail.ru.

АНЕКДОТЫ



- Ну, не знаю, тебе из трамвая виднее.

ХХХ

- У меня в ванной из крана течет вода.

- А должно что?

- Судя по квитанции за январь – Хеннеси.

ХХХ

Теща спрашивает зятя:

- Ты видел мужчину, который спас меня, когда я тонула?

- Да, он уже приходил ко мне извиняться.



Две двери, ведущие в рай. На одной написано: «Для мужчин, которыми помыкали их жены», на другой - «Для мужчин, которые были в своей семье полновластными хозяевами». У первой двери стоит длинная очередь, во вторую робко стучится единственный невзрачный мужичонка. Апостол Петр открывает и строго спрашивает:

- Ты почему стучишься в эту дверь?

- А мне жена так велела.



ХХХ

У абитуриента на вступительном экзамене спрашивают:

- Вы с Пушкиным знакомы?

- Нет.

- С Некрасовым, Чеховым, Толстым?

- Тоже нет.

- А с Лермонтовым, Горьким?

- Нет.

- Свободны!

Возле аудитории его спрашивают:

- Ну, как, приняли?

- Нет, здесь только по блату. А я, оказывается, ни с кем не знаком...

ХХХ

Вовочка с плачем прибегает к маме:

- Что случилось Вовочка, - спрашивает мама.

- Папа ударил себя молотком по пальцу.

- А ты чего плачешь?

- Потому что я засмеялся!

ХХХ

Гости приходят на новоселье. Выпили, посидели, повеселились. Время позднее. Пора и уходить. Одеваются в прихожей и вдруг замечают висящий на стене молоток.

- А это что?

- Часы.

- Как часы? Хозяин ударяет молотком в стену. За стеной слышится голос:

- Товарищи! Нельзя же так! Уже два часа ночи!

ХХХ

Блондинка звонит своему другу:

- Ты зачем посоветовал мне окна на



зиму заклеить?

- А что, теперь в квартире слишком тепло?

- Нет, темно!

ХХХ

У еврея спрашивают:

- А почему у вас такие большие ноздри?

- Так воздух же бесплатный, - отвечает он.

ХХХ

- У тебя какая машина?

- Лада Приора.

- Да ну, это не машина, а ведро с гайками!

ХХХ

Идут по берегу 2 чукчи. Один говорит другому:

- Смотри! Я нашел 10 долларов!

- Молодец... Дурак! Зачем ты их выкинул?!

- Фальшивка!

- С чего ты взял?

- Ну, где ты видел 10 долларов с двумя нолями?

ВЕЧЕРНИЙ ЖЕТІСУ
Алматинская областная информационно-рекламная газета
Распространяется на территории Алматинской области.

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. Регистрационный номер №11825-Г от 29.06.2011 года

Газета набрана и сверстана в компьютерном центре редакции и отпечатана в типографии «Офсет» филиала ЗАО «Алматы-Болашак», ул. Кабанбай батыра, 32

Любое использование материалов, в том числе путем перепечатки, допускается только по согласованию с редакцией. Ответственность за содержание рекламных материалов несет рекламодатель. Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции. Рукописи и письмо, направленные в редакцию, не рецензируются и не возвращаются. Направление письма в редакцию является согласием на обработку (в том числе публикацию в газете) персональных данных автора письма, содержащихся в этом письме, если в письме не указано иное.

Заказ № 620
ТИРАЖ - 12250 экз.
Адрес редакции:
040000,
Алматинская область,
г. Талдыкорган,
ул. Кабанбай батыра, 32.
тел.: 8 (7282) 241 393,
243 445, 274 197,
e-mail: evening.zhetysu@mail.ru

Собственник и издатель газеты "Вечерний Жетісу" ТОО "Журнал "Шынгысхан"
Директор
Асхат БИМЕНБЕТОВ

Главный редактор
Асхат АЛТЫНБЕКОВ
Зам. редактора
Татьяна ДЕМИДОВА
Начальник центра продаж и рекламы
Асылбек САГАДИЕВ

Құттықтаймыз!

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының қызметкері **Күлсін Аханқызын** туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Әлбетте, мына тірлікте ақынның жары болу үлкен мәртебе. Десе де, ақынға ақынша қарау кез-келген әйел затының қолынан келе бермейді. Осы тұрғыдан келгенде әріптесіміз Күлсін Жетісу өңірінің қаламгері, республикаға танымал ақын Ғабит Түрсынбайдың жары. Қос ұлдың ақылшы анасы. Ал жұмыста әріптестеріне сыйлы, жора-жолдастарының құрметіне бөленіп келеді. Сондықтанда Күлсінді туған күнімен құттықтай отырып, алдағы уақытта да отбасыңның берекесі болып, биік жетістіктерге жете беріңіз деп тілейміз.



Берекесін пейіліне сақтаған,
Бабалардың дәстүрінен бақ табам.
Қуаттанам өрлігіне қыздардың,
Нәзіктігін батылдықпен баптаған.
Келбетінде ұяты бар ұлтының,
Қайсар қыздар көптігіне шаттанам.

Арамызда мұндай жандар көп тегі,
Жалындаған жастықтың гүл көктемі.
Біз солармен мақтанамыз қашанда,
Жаны таза адамдармыз өйткені.
Жібін жалғар өткен менен бүгіннің,
Үзілмесін сыйластықтың септеуі.

Байыппенен айтар ойды ел тегі,
Ол өмірлік ақиқаттың өлшемі.
Дана халқым парасатты қыздарын,
«Ұлтының ұяты ол» деуші еді.
Бар ғұмырын осы жолға арнаған,
Сол қатарға жатқызамыз біз сені.

«Көп тілегі көл толтырар» деседі ел,
Мәңгі-бақи жақсы ғұмыр кеше бер.
Қос ұлыңның жетістігін, шаттығын,
Жүрегіңе жылу етіп есе бер.
Алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан содан соң,
Қажымастан жүз жасқа да жете бер.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы кафедрасы ұжымы.

Аяулы анамыз, ақылшымыз **Әуезхан Мажайқызын** туған күнімен құттықтаймыз! Қарапайым қалпыңмен-ақ әкеміз Андас Омарақынмен ынтымағы жарасқан отбасын құрып, Ардақ, Қажет, Мақпал, Сабира, Елжас, Елшат, Ескаттай балаларыңыздың жетістігімен бақыттысыз. Бүгінде Найла, Ажар, Ұлағат, Әсер сияқты немерелеріңізге бар білгеніңізді үйреткен әже атандыңыз. Ендеше, алдағы өміріңіз ұзақ болсын. Аман-есен ортамызда жүре беріңіз.



Менің шешем жүзі жылы жан еді,
Өлең еді ойлайтұғын әлегі.
Жатса, тұрса жаратқанға жалбарып,
Бір әулеттің тасқа қашап тарихын,
Жаза-тұғын ақын ұлға зар еді.

Батыл еді, батыр еді қауымдар,
Мінезінде бір ерекше дауыл бар.
Қайсарлықты білгің келсе, ендеше,
Міне, осындай рухы пәк, жаны нәр.
Ұрпағына ұялатқан ұлылық,
Аналардың рухынан алыңдар.

Менің шешем,
Шерлі өмірден шерменде,
Тағы соған бас имеген ер кеуде.
Қуанышты қарсы алады.
Әрине,
Қайғыны да батыл еді жерлеуге.
Көз алдымда сіз тұрасыз қашанда,
Қаламымды қолыма ала бергенде.

Өтті жылдар артқа тастап қиынды,
Төңір маған ақындықты бұйырды.
Жақсы ырыммен жастап жатты басына,
Менің алғаш жарық көрген жырымды.
Бірақ, бірақ түсіне алмай келемін,
Кешір, шеше сенің жүрек сырыңды.

Ақын болды сен баптаған беренің,
Бойлап шалқар өлең сөздің терең.ін.
Бірақ, бірақ, жарасымды бір көйлек,
Өзіңізге кигізе алмай келемін.
Жазылады бізбен бірге тарихың.
Сізге ұсынар сыйлық осы өрелім.

ІЗГІ НИЕТПЕН: Қажет-Нұргүл, Аж

ПОЭЗИЯ

Еркін елміз

Сыйынған Көк Тәңірге біз ғой жалқы,
Мәңгі – ел: Ғұн, Түріктің болдық халқы.
Болғанды тарих етіп тасқа жазған,
Ғаламның өткен күнгі едік парқы.

Мыңғырған малды айдап, дала көшкем,
Баспана бірге жүрген қалмай көштен,
Ерлерміз атқа мініп ел қорғаған,
Әйелдер ат ұстайтын, арқан ескен.

Әупілдеп үрген итім соңыма ерген,
Бабалар аң аулаған бопты мерген.
Күн көріске төрт түлік тиімдірек,
Сондықтан мал бағуды кәсіп көргем.



Өңірдің сол кездегі жылдамы біз,
Ат үсті – жаяуламай қалдырдық із.
Ат жетер жердің бәрін араладық,
Біздерге әбден таныс меңіреу түз.

Жол таптық қараңғыда жұлдыз санап,
Болжалдық ауа райын аспан қарап.
Малымды жат пиғылдан қорғау үшін,
Қару сай, тұратұғын аттар жарап.

Құрманқұл ТӘЖІҒҰЛОВ.

Новый начальник знакомится с коллективом.

- Так, с сегодняшнего дня работаем по-новому распорядку.

ПОНЕДЕЛЬНИК - отдых после выходного.

ВТОРНИК - подготовка к рабочему дню.

СРЕДА - рабочий день.

ЧЕТВЕРГ - отдых после рабочего дня.

ПЯТНИЦА - подготовка к выходным дням.

СУББОТА и ВОСКРЕСЕНЬЕ - выходные. Вопросы есть?

Раздается тихий голос:

- И долго мы так по средам пахать будем?



XXX

Опоздал мужик на работу, ну и начальник спрашивает почему. Тот рассказывает следующее:

...Жене некогда было и мне пришлось сына вести в детский сад. Приходим в один - не тот садик, приходим в другой - тоже не тот, заходим в третий - опять не тот, а когда пришли в четвертый, сын и говорит мне: «Папа, еще один детский садик и я в школу опоздаю!!!»

АНЕКДОТЫ

XXX

Семья приходит в ресторан. Поели, отец расплачивается, а мать говорит официанту:

- Вы не против, если мы соберем со стола остатки и отнесем их домой собаке?

Официант:

- Да, конечно, пожалуйста!

Дети, радостно, хором:

- Ура! Нам купят собаку!

XXX

Еврей вытаскивает из моря золотую рыбку.

Рыбка смотрит на него подозрительно.

- Еврей?

- Да.

- Лучше зажарь...

XXX

Чукча говорит геологу:

- Я еще раз хочу побывать в Америке.

- А ты там уже бывал?

- Нет. Однако один раз уже хотел...

XXX

Встречаются два приятеля.

- Ты чего такой грустный ?

- Да мои клопы объявили войну соседским...

- Так радуйся: перебьют друг друга.

- Ага, радуйся... они вчера привели полторы тысячи пленных.



XXX

- Что бы ты сделал, если бы получил $1000?

- Раздал бы долги.

- А остальные?

- А остальные подождут.

XXX

Клиент звонит в магазин «Ткани»:

- У вас есть ткани веселеньких расцветок?

- Есть. Приезжайте, оборжетесь.

XXX

Что думает водитель, видя перед своей машиной пешехода?



- Не столб, отойдет.

Что думает пешеход, видя приближающийся автомобиль?

- Не трамвай, объедет.

XXX

Отец смотрит телевизор. К нему подходит сын-первоклассник.

- Папа, а почему этот фильм нельзя смотреть детям?

- Сиди тихо... сейчас сам увидишь!

XXX

- Ой, соль рассыпалась. Это к ссоре!

- А может обойдется?

- Нет уж, дорогой. Я уже настроилась.

ВЕЧЕРНИЙ ЖЕТІСУ
Алматинская областная информационно-рекламная газета
Распространяется на территории Алматинской области.

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. Регистрационный номер №11825-Г от 29.06.2011 года.

Газета набрана и сверстана в компьютерном центре редакции и отпечатана в типографии «Офсет» филиала ЗАО «Алматы-Болашак», ул. Кабанбай батыра, 32

Любое использование материалов, в том числе путем перепечатки, допускается только по согласованию с редакцией. Ответственность за содержание рекламных материалов несет рекламодатель. Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции. Рукописи и письмо, направленные в редакцию, не рецензируются и не возвращаются. Направление письма в редакцию является согласием на обработку (в том числе публикацию в газете) персональных данных автора письма, содержащихся в этом письме, если в письме не указано иное.


Заказ № 662
ТИРАЖ - 12250 экз.
Адрес редакции:
040000,
Алматинская область,
г. Талдыкорган,
ул. Кабанбай батыра, 32.
тел.: 8 (7282) 241 393,
243 445, 274 197.
e-mail: evening-zhetysu@mail.ru

Собственник и издатель газеты "Вечерний Жетісу"
ТОО "Журнал "Шынгысхан"
Директор
Асхат БИМЕНБЕТОВ

Главный редактор
Асхат АЛТЫНБЕКОВ
Зам. редактора
Татьяна ДЕМИДОВА
Начальник центра продаж и рекламы
Асылбек САГАДИЕВ

"ҚАЗАҚ ЖАЛҚАУ ХАЛЫҚ ПА?"

Тәубе, тәуелсіздік алдық. Жалқаулықтан құтылып, жайлы тірлік кешетін орай келді. Осы ретте, мемлекет құрушысы қазақ ұлтының өкілдері дарынымен, іскерлік-икемділігімен танылуы керек еді. Жағдай басқаша болып тұр. Қала мен далада жұмыссыз қазақ жетерлік. Әрине, байлыққа белшесінен батып жүргендер жоқ дей алмаймыз. Ақпарат көздеріне сүйенсек, әлемдегі байлардың қатарын толықтырған қазақстандықтардың саны да жыл өткен сайын көбейіп келе жатқаны шындық. Ал, қазақ неге жұмыссыз? Осы сауал төңірегінде талай білікті жандардың пікірін алып, біраз ізденген болатынбыз.Олардың айтқан уәждерін тізіп берудің қажеті жоқ шығар, бәрі «қазақ жалқау, сондықтан жұмыссыз» дегеннен ары аспайды.





Бұл шындық болса, Римді жаулап, кешегі Тәжмахалды, бүгінгі Астананы салмас еді. «Алма піс, аузыма түс» деп отыра беретін берекесіз болса, осыншама ұлан-ғайыр өлкеге иелік ете алмас еді. Басқалардың айдауына көніп, барына қанағат ететін бейғам болса, іргесі сөгілмейтіндей болған империяны тас-талқан етіп (16-желтоқсанды айтам), тәуелсіздік ала алмас еді. Тексіз болса Төле, Қазыбек, Әйтекені тудырмас еді. Көркемдікке құштар болмаса, әжелер Қыз Жібек пен Төлегеннің жырын немересіне жаттатпас еді. Демек, - қазақ ешқашан жалқау болмаған. Оны қор қылған - бейбітшіліксүйгіш бейқам елге жасалған байлыққа құныққан безбүйректіктің барымтасы мен шұбалған саясаттың кесірі. Жүрегін қақ жарып, жұлынына дейін жеткен қорқыныштың кесапаты. Бұл әлі де жалғасып келеді.

Ойымызды өрбітпес бұрын алдымен жалқаулықтың қазақ даласына қалай енгендігін зерделеп алайық. Жалқаулық қазаққа жоңғарды жоюмен бірге қона бастады. Жоңғар 1630 - 1760 жылдары аралығында өмір сүрген моңғол ақсүйектерінің шығыс Түркістанда құрған феодалдық мемлекеті. Оны мемлекет ретінде қарастырғаннан гөрі қытай мен орыстың Орта Азияны жаулау мақсатында көтеріп шыққан қолшоқпарлары деген орынды. Міне, осы жоңғар басқыншылары 1640 жылдары қазақ даласына басып кірді. Осыдан бастап 100 жылға созылған қазақ-жоңғар қақтығысы басталды. Ата қонысы өзіне бұйырмаған қазақ ұландары Қаратауды паналап жан сақтаса да, айналып келіп орыстың от қаруымен қаруланып, қытайдың азық-түлігімен қамтамасыз етілген жоңғарды жермен-жексен етті. Бұл қазақ даласына сілекейі шұбырып отырғандардың төбесіне жай түсірді. Керісінше, қаншама қара шаңырақтың оты өшсе де, қазақ ұландары білекке келсе, мыңды жығатынын дәлелдеді. Бірақ осыдан кейін соғыстан қалжыраған халықты зымиян саясатымен алдай бастады. Мүмкін болса, жігерін жаншуды қарастырды. Бұл туралы жасалған талай жобаларды көзімізбен көрмесек те, сол елдердің шаң басқан архивтерінде жатқаны анық. Саудагер етіп, жансыздарын жіберді. Алыс-жақын шетелдерге қазақ баласын аттап бастырмады. Келісілп істелген дипломатиялық қатынастар тек қана саясат жүзінде орындалып жатты да, шаруашылық көтерілісінен Амангелді көтерілісіне дейін 3 мыңға жуық Үлт азаттық күресі болған екен. Бұл қазақтың тентектігін білдірмейді, қайта, ел мен жер үшін қалжырап жүрген бабалардың өнер мен ғылымға мән беретін уақыты болмағанын аңғартады.

Соның салдары халқымызды «Барға қанағат, жоққа салауат ететін» бойкүйездікке тіреді. Бұл - бірінші себеп.

Бірақ, қазақ кей сәттерде ұтылып қалса да, ақыл-парасатынан, ұлағатты ұландарынан ажырап қалған жоқ. Соның нәтижесінде Ыбырай, Абай бастаған алғабасар перзенттері мен Алаш зиялыларын тудырды. Кезінде хакім Абай халқын мәдениетке шақырып, орысша үйреніп, көкірегін оятса деп армандады. Онысы орысты ұлағатты дегендік емес, «Уды умен қайтару» қағидасына саяды. Тіпті, «Есектің артын жусаң да мал тап» деп тым болмаса, қалтасын қалыңдатса, жан-жағына барлап қарап, бағасын асырар деп үміттенді. Әрине, ол тұста ұлтты ұйытатын идеология болмағандықтан, Абай ақылиясын ағайынның терең түсіне алмағаны анық еді. Ал, осы Абай рухани арқау еткен алашорданың ақырғы тағдырын қазіргі ұрпақ анық біледі. Олар болмысты нақтылап, не істеу керектігін жұртқа түсіндіре алғанымен тағы да сайқал саясаттың құрбаны болып кете берді. Дерек көздеріне сүйенсек, патша үкіметінің 1889 жылғы санағында қазақтың саны 4 миллион 300 мың адам деп көрсетілсе, 1916 жылы Ахмет Байтұрсынов бастаған алашордашылар қазақтың санын 6 миллионға тұрақтастырған (көпте болуы мүмкін). Бұл әлемдік аренада тәуелсіз ел болуға, тым болмағанда автономия құруға негіз болады деген сөз. Әлихан Бөкейхановтың күн көсеммен (Ленин) жолығып, автономия құруды талап етуіне осы сан себеп болғаны анық. Өйткені, сол тұста саны мен салмақты идеологиясы жағынан да қазақ тәуелсіз елдің тізгінін ұстай алатын еді. Тағы бір жағынан, бұл сан Мұстафа Шоқайдың Түркістан қырғыздарының автономиясын құруына негіз қалады. Ағайынды қырғыз бен өз ағамыз, алашапанды өзбекті біріктірсе, Орталық Азияда тағы бір исламдық мемлекеттің іргесін қалауға мүмкіндік бар болатын. Бірақ, бұл стратегия қазақты жоюдың тактикасын күн тәртібіне шығарды. Мұны қазір Голошекиннің «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген кертартпа байламына теліп жүрміз. Анықтап қарайтын болсақ, бұл қанішер Голошекиннің емес, Кремльдің саясаты екен-ау! Сол саясаттың салдарынан ақсүңке болған қазақ ауылдарын санап бере алмасақ та, 1939 жылға келгенде қазақтың саны 2 миллион 800 мың адам болып жазылғанын анық білеміз. Ал, дүниежүзілік екінші соғыстан кейін бір жарым миллион болып қалыппыз. Дарвин: «Тіршілік бір клеткалыдан, көп клеткалыға қарай дамиды», - десе, Маркс: «Сан үздіксіз өсе түседі де, сапа өзгерісіне әкеледі», - деп дәлелдейді. Математика, физика, химия, биология, экономика, қайсыбір ғылымды айтсаңыз да, бәрі үздіксіз арту мен көбеюдің үстінде құрылады. Ал, қазақ баласы осы заңдылықтардың біріне де бағынбайтын сыңайлы. Бас-аяғы 40 жылда адам саны өсудің үстіне төрт есеге кеміген. Десе де, Хрущев пен Брежневтің дәуірінде қазақтың көзі біраз болса да ашылды. Мұны Кеңес саясатының жылымығынан деуге болмайды. Қазақтың бағына Дінмұхаммед Қонаевтың билікке келгендігінен. Басқасын айтпағанның өзінде, қойдың басын 50 миллионға жеткізем деген Қонаевтың бастамасы қазақ баласын техниканың басына апаруға жол ашты. Былайша айтқанда, Қонаев мұны қазақты қойшы жасайын деп немесе қойдың санын молайтып, Мәскеудегілерге құйрық майын сорғызайын деп жасаған жоқ. Біріншіден, бөлшектеніп кеткелі тұрған қазақ жерінің бірлігін сақтап қалды. Әрине, қойдың басы 50 миллион болу үшін оны бағатын жер болуы керек қой. Оңтүстік өзбекке, солтүстік үлкен көршіге кетсе, қазақ малды қайда жаяды. Мәскеуді осылай иландырған ұлы тұлға жеріміздің бүтіндігін бекемдесе, енді бір жағынан, қазақтың әлеуметтік жағдайын жақсартып алды. Малшы ауылға жол барды, мектеп салынды, Мәдениет үйлері бой көтерді, инфрақұрылым жаңарды. Қаладағы өмірді, далаға орнатуға тура келді. Санымыз да кәдімгідей өсіп қалды. Даланың қазағы техниканың тілін меңгере бастады. Ғылым мен білім саласында қанша дарын өсіп шықты. Қонаев міне, осылай отыз жылда қазақтың үш ғасыр бойы жіберген есесін түгендегенімен, бұл бұлқыныс қазақты жалқау деп қарайтын идеяны өзгертіп кете алмады. Тағы да сол көзтүрткі мен кемсітудің салқынын сезіп, іштей тынып жүре бердік. Әрине, осыдан жиырма жылдың алдында «Біз қаладан келдік», - деп мақтанатын қазақтың саны санаулы ғана болатын. Қызығына қараңыз, осыдан жетісегіз жылдың алдында Алматыға қонаққа барған бір әжеміз: «Мен Алматы толған орыс па десем, қазақтар екен ғой», - деп таңтамаша болыпты. Әрине, таңданатын жөні бар. Қазақты жалқау жасаған екінші себеп міне, осы. Былайша айтқанда, өз басының амандығына өзі иелік ете алмағандығы.

Жоғарыда қазақты жалқаулыққа баулыған тарихи себеп-салдарға хал-қадірімізше тоқталып өттік. Жарайды ол тарихтың еншісінде қалды делік. Десе де, тарихтың қайталанатынын ескерсек, біз өзімізді өгейсіткен зорлықты емес, көр даланың төсінде дүбірлетіп жүрген күндерімізді қайта оралту үшін ойланатын кез жетті. Өткен ата-бабаларымыздың ерлігіне мақтануға тиіспіз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары азын-аулақ тиын-тебенімен жалғыз сөмкесін арқалап Алматыға келген қазақтың жігіті бүгін банкир болып жайлы орындықта отыр. Хан сарайындай үй тұрғызып, алыс-жақын шетелдерде үлкен шаруа тындырып жүрген қандасымыз қаншама! Олар біреуді барымталаған жоқ, банк тонаған жоқ. Өз еңбегімен жол тапқан жандар. Қысқасы, қазақ жалқау емес. Әлемдегі ең төзімді әрі жағдайға бейімделгіш алғыр халық. Әрине бір кезде: «Сауданың ығын еврей мен өзбек біледі», «Көкөністі кәрістен артық ешкім өндіре алмайды», -деп имандай сеніп келгенбіз. Қазірше, Қытайдың бір газетінде: «Қазақтың саудагер азаматтары экономиканың қыры мен сырын меңгеріп алды. Енді біраз жылда, былайша айтқанда, 2030 жылы олар аяқ киімін алтыннан киетін болады», - деп жазғанындай, бизнесте әлемді таңғалдырғанымыз анық. Көкөністің түр-түрін қазақ та өсіре алатынын сөрелерден-ақ көре аласың. Десе де, бүгінгі қазақ қоғамындағы жұмыссыздық мәселесіне көз жұма қарау мүмкін емес. Оған қазақтың жалқаулығы себеп болып тұрған жоқ. Қазақстан уран мен мұнайға бай ел бола тұра, соның тізгінін шетелдіктер ұстап отыр. «Жат жарылқамайды», - деген сөз тегін айтылмаған. Олар қазақты жарылқайын деп отырған жоқ. Мүмкіндігінше қаракөздерімізді жұмыстан шеттетіп, өз мақсатын орындауға тырысуда. Оның сыртында, қазақты орысқа оңтайлы, қытайға жұмсақ, Еуропаға қолайлы жасағысы келетін саясаткерлер биліктің де, кәсіпкерлердің да арасынан табылады. Олар өз саясатын «қазақ жалқау» деген желеумен жүргізіп келеді. Егер сауда заңдылығына сүйенсек, «Жүз адамның оны алармын, тоқсаны сатушы». Америкада да, Африка елінде де, тіпті, оңтүстік үйекте де солай. Сонда біз тоқсан адамды нәпақасынан айырып, он адамның мүддесін қорғап отырмыз деген сөз. Әлемдік сауда ұйымына кіруге дайын емеспіз деп даурығып жүргендер, кедендік одақтың пайдасы мен зиянын енді сезінген сыңайлы. Сонда Қазақстан халқының 67 пайызын қазақ құрайтынын ескерсек, кімнің мүддесіне балта шауып отырғанымыз айтпаса да түсінікті. Бұл қазақты тағы да «жалқау» жасаудың XXI ғасырдағы тапқырлығы ма деп ойланып қаласың. Әрине, қоғам болған соң, түрлі келеңсіздіктің етек алары анық. Америкада да жұмыссыздар өріп жүр. Алайда, оларды "американдықтар жалқау" деп жар салмаймыз. Қытайлардың 80 пайызы кедейшілікте өмір сүреді, сөйтсе де «қытай кедей» дегенді желеу етпейді. Бізде саяси ұстанымдарды есепке алмағанда, бір адамды жұмысқа алуға тура келсе «жалқау емес пе екен» деген күдіктен арыла алмаймыз. Қазақ байыса - «Жеп қойды ма екен?» деп күмәнданамыз. Инвестиция тарту, тендер өткізу, жұмыс күшімен қамтамасыз етуге де, міне, осы кедергі болып тұр.

Сондықтан, біз «қазақ жалқау емес, оның қолынан бәрі келеді» деген ұстанымға келмей, жұмыссыздық мәселесін де шеше алмаймыз. Ол үшін батыл қадам, байыпты идеология керек. Оны әрбір қазақтың баласы өз ісіне деген қажырлықпен ғана орната алады.

Қ. ШАҚЛИН.

Жалған намыс

(Соңы. Басы 2-бетте)

Бұл жерде пікір білдірген әлеуметтік желі қолданушысы өз білімінің қаншалықты саяз екендігін аңғартты. Өйткені, жер көлемі жағынан дүниежүзі бойынша тоғызыншы орын алатын Қазақстанды саяси картадан немесе глобустан бұдан бұрын танымаған адамның білімі қаншалықты екенін ойлай беріңіз. Тіптен карта да, глобус та жоқ делік. Соның өзінде Еуропадағы ең ықпалды ұйым ЕҚЫҰ мүшелері басын біріктіріп, он бір жыл үзілістен кейін 2010 жылы саммит өткізген Қазақстан турасында еш бір ақпары жоқ па? Саясаттан хабары жоқ делік, ендеше әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының тұрақты бас қосатын мекені Астана турасында естімеді ме? Тіптен, дінмен хабары жоқ десек те, биыл «CNN» телеарнасы Қазақстан туралы арнайы жоба дайындап, бағдарламалар легін эфирге шығарғаны бар. «CNN» – таратылым ауқымы жағынан әлемдегі үздіктер қатарында екені анық. Географиядан, саясаттан тіпті дінмен алшақ азамат деп қарастырсақ, спорт төңірегінде пікір білдіргеніне қарап, осы салаға қатысты мысал келтірелік. Бірақ, әлемге әйгілі «Astana» брендін насихаттаушы велоклуб пен қатарынан екі жыл Дакар раллиіне қатысушы командаларды білмегендігі бұл қолданушының «iq-ы» қай дәрежеде екендігін аңғартады. Яғни, жоғарыда айтылған сөздің дәлелі деп қабылдағайсыз.

Ендігі кезекте әлеуметтік желілерде отандастарымыз тарапынан айтылған пікірлерге назар аударалық. Газетіміздің алдыңғы сандарында облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Егеубек Далбағаев спорт және саясат екеуі екі дүние деп қарастырған болатын. Десе де, Ұлыбританияда өткен спорт додасындағы жерлестеріміздің жетістігі еліміз ұстанған саясаттың жемісі демей, немене. Бұл – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының бір жемісі. Өйткені, Президент спорттың дамуын әрдайым ерекше назарда ұстап, спортшыларға өз шеберлігін дамытуға бар мүмкіндіктің жасалу қажеттілігін үнемі тілге тиек етіп, тиісті тапсырмалар беруде. Осы қамқорлықтың қайтарымы ретінде спортшыларымыз жеті алтынды қанжығаға байлап мерейімізді асырып, кеудемізде мақтаныш сезімін оятты. Бір ғана зілтеміршілеріміздің өздері төрт бірдей алтынға қол жеткізу қазақ ауыр атлетикасының қай деңгейде екендігін әлем жұртшылығына паш етті. Зілтеміршілердің жоғары жетістікке қол жеткізудегі бапкердің ролін жете түсінген белгілі әлеуметтанушы Ғадилбек Әкім, Айдос Сарым және Асқар Құмыран («Facebook-та» Тюрк Медиа деген лақап атты қолданады) сынды қоғамдық белсенділер Қазақстан Республикасының ауыр атлетика бойынша бас бапкері Алексей Нидің ерен еңбегін ескере келе, Елбасына бапкерді «Халық Қаһарманы» атағымен марапаттау турасында хат жолдау туралы ұсыныс білдіріп, арнайы бет ашып, өз ойларын ортаға салды. Бастамашыл топ Елбасына жазар хаттың мәтінін әлеуметтік желі қолданушыларының талқысына салды. Ақордаға хат жолдауды ұйғарған үштік Алексей Ниге жоғарғы марапатты ұсыну себебіне тоқтала келе: *«Біздің спортшыларымыздың байрақты бәсекеде алтын медальдар алулары – бүкіл Қазақстан халқының жеңісі! Олимпиада біздің ауыр атлетика құрамасы төрт бірдей алтын медальға қол жеткізулері арқылы ерекше еңбектен жігер көрсетті. Зульфия Чиншанло, Майя Манеза, Светлана Подобедова және Илья Ильин – еліміздің мақтаныштары, олимпиадада қазақ ауыр атлетика мектебінің бар мықтылығын көрсетті. Алға, қарымды жылдамдықпен дамып келе жатқан Қазақстанның жеңісіне, жеңісте көтерілген Көк байраққа бүкіл әлем таңғалып отыр. Бұл жеңістер Сіздің жүргізіп отырған саясатыңыздың жемісі, жемісті жеңіс Сіз бастап жасап отырған экономикалық реформалардың бір бөлігі. Дегенмен де, мұндай толымды жеңістер Қазақстанның ауыр атлетика бойынша бас бапкері Ни Алексей Геннадьевичсіз болуы екіталай еді.*

Бұл адам қазақстандық арманның айқын мысалы десе де болады. Бапкерлік кәсіпті төменгі деңгейден бастай отыра, бұл кәсіптің шыңар шыңына жете білді және де әрдайым өз Отаны үшін, өз Қазақстанына жұмыс жасады, жасап та келе жатыр. Басқа мемлекеттердің құрамаларын дайындау үшін легионер болып кеткен жоқ. Ол өткерген бес Олимпиада және қазір өтіп жатқан Лондон Олимпиадасы ең нәтижелісі болды, бұл жеңістермен келелі нәтижелер Қазақстан азаматтарының жүректеріне өз елі үшін мақтанышпен тамсану сезімін одан сайын арттырғаны белгілі.

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізді, Ни Алексей Геннадьевичті қазақ елінің беделімен абыройы үшін жасаған адал еңбегі үшін Қазақстан Республикасының «Халық Қаһарманы» жоғары атағымен марапаттауыңызды сұраймыз! Бұл, осы кісіге Қазақстан халқымен оның жетекшісі атынан айтылған лайықты ілтипатымен алғысы болары еді.

Одан қоса, 8 жыл бойы отандық спорт үшін тер төккен, еліміздің ауыр атлетика құрамасының кеңесшісі, бауырлас Түркия елінің маманы Энвер Түркелеріндің де еңбегін ескеріп мемлекеттік деңгейдегі сыйлықпен марапаттауыңызды сұраймыз!» – деп, ойларын қорытқан.

Атам қазақ «қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» деп бекер айтпаған болса керек. Қазақ ауыр атлетикасының тасын өрге домалатуда барын салған қос бапкердің еңбегін мемлекеттік дәрежеде жоғары баға беріп, ұлықталық деген ұсынысты қолдаған адамдардың қатары күн санап өсті. Дегенмен, өздерін қарағайға қарсы біткен бұтақ көріп, «самаурынның тасығанын Самарқанды су басқанымен» теңестірген тұлғалар да табылды. Бізді алаңдатқаны да осы. Тіптен әлеуметтік желі алаңын мінбер көріп, спорт тақырыбынан ауытқып, елдегі қаймағы бұзылмаған ынтымақ пен бірлікке нұқсан келтірер қарсы пікірлер де айтылды. Осылайша, ел мерейі асқақтап, қуанышы қойнына симай жатқанда, қайшы сөзді қайыра сөйлегендердің қылығы бізді қайран қалдырды.

– Егер Ни шетелден спортшылар тасымай, өз елімізден, әсіресе қазақ балалары арасынан, таланттар тауып, соларды кішкентайынан тәрбиелеп, баптап, қазір чемпион етіп жатса, оған қандай да болса атақ беруге болар еді. Ал, Ни болса, Түркелери екеуі, штангистер қаптап жүрген Қытай мен Ресейден зілтеміршілер алып келіп, медаль санын қуып кетті. Лондонда алтын медаль алған төртеудің үшеуі - легионер. Олар болмаса, шынтуайтында өз спортшыларымызды Олимп шыңына шығару ісінде ешқандай ілгерілеу жоқ – Бейжіңде Ильин алтын алса, қазір де алтын алған сол ғана. Демек, бұл тұрғыда мақтанатын ештеңе жоқ деп есептеймін.

Бұл – «Жаса, Азаттық!» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жасарал Қуанышалин ағамыздың айтқан сөзі. Ер жасы елуді еңсеріп, елге ақыл айтудың орнына, «тілде сүйек жоқ» дегенге сайып отандық ауыр атлетиканың бас баспкері Алексей Ни мен оның кеңесшісі Энвер Түркелерідің ерен еңбегін еш етіп, төрт алтынды кездейсоқ деп тануы болса керек. Бұл пікірге қарсы шыққан өзге қолданушыларға жауап ретінде

– Егер менің бұған дейінгі айтқандарым жеткіліксіз болса, оған қосарым – Алексей Ни шын мәнінде бапкер емес, шетелден зілтемірішілер тасып медаль жинау арқылы ұпай мен атақ іздеуші спорттағы алаяқ. Менің бұл принципті пікіріммен біреудің талағы тарс етіп айырылып кетсе де айтарым осы. Және мен ешкіммен де «ұрыспаймын», бар болғаны – өзімнің дәлелді пікірімді айтамын да, сол пікірімді, әлбетте, табандылықпен қорғаймын. Ал егер менің мұндай «әдетім» біреулерге ұнамай жатса, ол менің емес, олардың проблемасы. Әсіресе санасын большевиктік психология жайлап алғандықтан, жұрттың барлығы бір пікірде болуға тиіс деп есептейтін диктаторлардың проблемасы, – деген ой айтып елді әбігерге салды. Халал еңбекті «алаяқтыққа» теңегені үшін айтылған сан жауапқа Жасарал ағамыздың айтқаны:

– Ниге, маған десе, «бүкіл әлем қаһарманы» атағын беріңдер. Қазіргі Қазақстанда қалыптасқан манқакалдық үрдіске сәйкес.

Міне, жоғарыда айтқан ойларымыздың түйіскен жері осы. Спорт турасында басталған пікірталастың соңы саясатқа ұласып, алдыңғы буын ағалардың кейінгі ұрпаққа берер тәрбие-аманатының кейпі. Жұртқа жұдырық түйе жүгірмегенімен «таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деген бар, Жасарал Қуанышалиннің бейбітшілік бесігі атанған Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын «манқалдық үрдіс» деп бағалауы кімді болмасын алаңдатарлығы анық. Әлеуметтік желінің ең қауіпті тұсы да осы. Осындай олқылықтарға қарсы шығып, қарымта жауап қайтарар азамат табылмаса, ғаламтордағы «идеологтар» емін-еркін ойға келгенін жүзеге асыруа бермек. Бұл мақалада Жасарал Қуанышалиннің не бары үш-ақ пікірін келтірдік. Бірақ, үшеуі де астарлы және тура мағынада елді елеңдетерлік ойға толы...

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ», – дейді осындайда. Лондонда алтыннан алқа асынып, Гимнімізді жеті рет шырқатқан чемпиондарымыз бен күміс пен қоланы қанжығаға байлап мінбеге жеті рет шыққан спортшыларымызды мадақтаудың орнына еңсесін басып, жігерін жібіткен кей азаматтардың қылығына қарап, қайран қаласың.

Алексей Ниге «Халық Қаһарманы» атағына ұсыну бастамасы көп ұзамай «Намыс» журналының ресми сайтында жалғасын тапты. Журналист Азамат Битан «Қаһарман кім?» атты мақаласында: «Алексей Ни мырзаның өз ісінің шебер маманы екеніне талайлардың көзі жетті. Орнынан тұрып шапалақ ұрды. Дегенмен «Халық Қаһарманына» ұсынуға сіз қалай қарайсыз? Оның үстіне «енді ешкімді жаттықтырмаймын, жастарға жол беремін, тоқтаймын!» деп токетерін айтып алып, кейін жаңағы сөзінен айнып кеткен бас бапкердің қылығына іштей реңжігендер де көп-ау», – деген оймен бөлісті. Расында, «Алексей Ни бапкерліктен бас тартпақшы», деген ақпаратты отандық БАҚ өкілдері жапа-тармағай жазып, нәтижесінде күллі қазақстандық жаттықтырушының орны босады деген ойда қалғаны белгілі. Алайда, Лондоннан оралған бас бапкер журналистермен сұхбат барысында ол ойын тек бір-ақ адамға айтқандығымен бөліскен. Яғни сеуара әңгіме барысында ауыр атлетика бапкерлік штабына жақын, әлдебіреуге іштегі қобалжуымен бөліскен Алексей Ни ертеңінде бұл ақпараттың жаһанға таралғанына өзі таңғалғанын жасырмады. Демек, Азамат Битанның «кейін жаңағы сөзінен айнып кеткен бас бапкердің қылығына іштей реңжігендер де көп-ау», – деген пікірі орынсыз. Өйткені, бұл оқиғаның орын алуына басты себеп, өсек-аяңның салдары. Қайта, Алексей Нидің құраманың бас бапкерлігінде қалатындығын естіген қалың жұрт Рио де Жанейрода өтетін келесі Олимпиадалық ойындарда биылғы жетістіктің жалғасатындығына сенім білдірді.

Мақала жарияланған сайтта пікір білдіру кетігі қарастырылған. Бірақ, біз ресурстағы ойларды ортаға салудан аулақпыз. Мұның себебі сайтта анонимді хат жазу үрдісі кең етек жайған, әрі қолданушылардың екі сөзінің бірі ғайбат. Тіптен кей бірі ұлтаралық араздыққа итермелейтін сөздерден таймаған.

«Қазнет» пен халықаралық әлеуметтік желіде орын алған олқылықтарды саралай келе, көптеген күрделі мәселелердің басын аңғардық. Еліміз үшін ең жемісті Олимпиадада мемлекетіміздің намысын абыроймен қорғап, жанкүйерлердің сенімін ақтаған спортшыларымыз бен олардың бабын бағатын бапкерлерді қалай мақтасақ та жарасады. Ал, жоғарыда көрсетілген мәселе, әлеуметтік желіде тұсаусыз бой сауғалаған «серілердің» еліміздің жеткен жетістіктерін елемей, жастардың санасына жат пікір орнатумен әлек болу, алаңдатарлық жағдай!..

Тұманды Лондон, қазаққа дұманды Лондон болды. Жеті алтын қоржынға түсіп, қуанғанымыздан төбеміз көкке жеткен тұста алдыңғы буын ағаларымыздың теріс сөйлеуі көңілге қаяу тиғызды. Өкініштісі сол, өзіміз түгіл өзгенің өзі асығымыздың алшысынан түсуін Елбасының саясатының арқасы деп мойындаған тұста, өзімізден іріткі шықты. Мәселен, «Московский комсомолец» газетінің тілшісі Игорь Кармазин Қазақстанның алты алтын алуына ұлтаралық татулық себеп деп баға берді. Ендеше бапкерді алалап, спортшыларымызды өзіміздікі деп танымаған Жасарал сынды азаматтардың көксегені не? Адасудан алшақ болайық, ағайын!



ТЕМІРҚАЗЫҚ

Қазіргі таңда экономикалық сұраныстың алға шығып, рухани дүниенің кенжелеп бара жатқанын жасырмаймыз. Сондықтан, дамыған елдерде өнер саласының майталмандары бір-бірімен етене араласып, қоғамдық мәселелерге ықпал жасауға кешті. Ал бізде әр сапа – әдебиет, музыка, театр, кино өз қазанында өзі қайнайды. Зиялы қауым ортасында бір-бірімен қоян-қолтық араласып, қызу талқы өрістету жағдайы жоқтың қасы.



Қажет АНДАС

Біртұтас рухани орта

Әрине, мемлекет қуатты болса, білімі, өнері де қуатты. Қуаттылық – оның жерінің байлығы, сол байлықты игеріп, халықтың әл-ауқатын күннен күнге арттырып, әлемнің озық елдерінің қатарына көтерілуімізден көрінеді. Демек, экономикамыз өркендесе, басқа саланың да бітеліп қалған арналары аршылып, түлері сөзсіз. «Қыран қыранды қиядан көреді» демекші, Қазақстан Кеңестік құрылыстың үйіндісінен пыр етіп көтеріліп еді, АҚШ, Германия, Англия, Индонезия, Сингапур, Малайзия, Жапония, Қытай тәрізді дамыған елдер қолтығынан сүйеп, шылбырынан тартып, инвестиция құя бастады. Қазір еліміз Самұрыққа, Орта Азияның барысына айналып, төрткүл дүниеге ішкі байлығы, рухани құндылықтары, саясат сахнасындағы орны, дипломатиялық алғырлығымен танылып үлгерді. Кемеңгер Елбасымыз ата-бабамыздан мұра болып қалған асты-үсті кенге, ырысқа кенен жерімізді ғана емес, кешегі отарлық жүйе есеңгіретіп тастаған, жартылай мәңгүртке айналдырып, лайлана бастаған рухымызды асқақтатты. Жауынгер, батыр, ер, мінезімізді қайрап, замана көшінің алдына шығару үшін «Мәдени мұра» бағдарламасын ұсынды. Соның нәтижесінде 100 томдық «Бабалар сөзі» жарыққа шығып, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып жатыр. «Жұлдыздар отбасы» журналының бетін ашып қалсаңыз, қаптап жүрген жаңа жұлдызды топтардың есебінен жаңыласың. Құрылып жатқан оркестрлер мен театрлар қысқасы, көзі ашылған бұлақтар қаншама. Қазақ өнерінің күндері Германия, Франция, АҚШ, Қытай т.б. алпауыт елдердің сахнасында сахараның саумал самалын естіргенде зал қопарыла көтеріліп, қол соққаны – ойы да, жаны да, ниеті, пиғылы, өнері де жомарт халқымыздың құдіретті екенін мойындағаны емес пе?. Демек, мемлекет кемелденуінің басты белгісі – демократияның берік орнығуы саналса, «Ұлттық рухсыз демократия дегеніміз – ұлттың барып тұрған қас жауы» (Т. Медетбеков). Рухсыз мемлекет – тұғыры әлсіз ғимарат тәрізді, сәл сілкіністе шыдамай, үйіндіге айналады.

Халық өте талғампаз. Олар заман талабына сай қуатты да шуақты көрермен мен тыңдарманы, оқырманының көпшілік талғамынан шыңқаса көзге қамшы тигендей сырт айналып, безіп кетуі, басқаның отына жылынуы ғажап емес. Уақыт талабына жауап беру үшін әдебиет, сөзөнер, сурет, өлең, кино, музыка, театр өз қазанында ғана қайнап қоймай, бірін бірі жебеп, байытып, ортақ арнамен шарене, толқи ағылып дай күйді бастан кешсе ғана қолдан жасалған бөгет жойылып, самғау басталады.

Жетісу жұрты – Хантәңірі, Алатауға арқа тіреген таумінезді халық. Оның қай өнерінен де сол қасиет айқын сезіліп тұрады. Тек табиғаттың жасандылыққа, жартыжанды-жартыкеш, болбыр, шалажансар өнер туындысына қаталдығынан сабақ алып, ірілікке, тектілікке, мәртікке құштар ұлылығынан танбаық. Ұлылық деген – өзіңмен өзің күресу. Адамдық, адамгершілік, әділеттілік, ізгілік, дарынға жомарттық ұлылық үшін күрес. Ол біздің арғы тамырымыздан дарыған қасиет: «Көк түркілерді сөзіне берік, ең ақылды, жаңалық атаулыны жасаушы, тәртіпсізді түзейтін ұлт ретінде жаратқан» (Махмұт Қашқари). Генетика ғылымы заңына жүгінсек, сол қасиеттер жетісулықтардың бойында бар, мәселе соны өнер тілімен иесіне жеткізе алмай жатуымызда. Ел тұтқасы зиялы қауым осы жағын қабырғасымен кеңескені абзал.

Бірақ кейінгі кездері өнер адамдары арасында иә-қиә талас-тартыс пен бір-бірінің етегінен тартып, жағасына жармасқан, «Менікі-сенікі» деген безбүйрек даулар қаптап кетті. Бабаларымыз: «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» деуші еді. Біздің елдің жігіттері бірін-бірі жарға итеруге әбден машықтанып барады. Алдымен қалың оқырман екі Мұхтардың талас-тартысына куә болды. Бірі – Шыңғыс ханды жауыз десе, бірі – данышпан деп ақтап жатты. Шынтуайтына келгенде тартысқа Шыңғысханның болмысы түскенмен қазақтың қасиеті жұлмаланып жатты. Ілешала Қабдеш Жұмаділов пен Әбдіжәміл Нұрпейісов арасында көңілге дық түсер пікірталас орын алды. Алыптар арасындағы кескілескен күрес ұмытыла бастағанда саз әлемінен шу шықты. Алтынбек Қоразбаев пен Мұратхан Егінбаев және Мұрат Ілиясов арасындағы жанжал республиканы қойып, халықаралық деңгейге дейін көтерілді. «Бас сынса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде». «Алдыңа келсе атаңның құнын кеш» дейтін қағиданы ұстайтын қазаққа не жетті деп жағасын ұстағандар көп болды. Ара ағайындық танытып, дауды ушықтырмайды дегендер жерден алтын тапқандай желпілдетіп жібергенін де біліп жүрміз. Бірі бірін ұтар. Бірақ, қазақы қасиет ұтылады ғой. «Мен жеңдім», – деп әлдекімдер жеңісін тойлар қазақтың ұяты жерге кірмей ме сонда. «Қытайдың ойыншықтары балалардың денсаулығына зиян», – деп кез келген баспасөз, телеарна жұртты даурықтырып жүр. Ал қазақша ойыншықтар жасап, қадамгідей бедел жинаған әнші, продюсер Қыдырәлі Болманды қисынын тауып, қиялай шаппадық па?

Мұны қоя тұралық. Өкініштісі, айтысып жүрген айтыс ақындарының аузына қақпақ қойғанымыз болды. Біз осылай қызылкеңірдек болып жатқанда қытайлар қазақтың айтысын патенттеуге кірісіп кетті. Өткен жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық ақындар айтысында Қытайлық мәдениет саласының өкілдері айтысты қазақ-қытай бірлесіп халықаралық патентке ұсыну жөнінде ұсыныс көтерді. Бұл тек қана көңіл жықпастық шарасы екендігін біліп отырмыз. Қазақ елінің тәуелсіздік мерекесінде қытайдан келген қандас ақынымыз бас жүлдені алды дегендік «Айтыс өнері Қытайда мықты дамыды», – деген ойды жұлынымызға шегелеу үшін емес пе? «Айтыс қытайға кетті», – деп санымызды шапалақтайтын күн алыс емес. Ендеше, сахнада қасиетті домбыраны құшақтап, айтыс ұйымдастырған таза қытайларды көргенде таңғалмайтын боламыз. «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге ұрынар» деген осы шығар. Егер бүгінгі театр, кино, сурет, саз әлемі туралы терең жазсақ, талай дәлелді тауып шығуға болар еді. Бірақ, біздің айтпағымыз бұл емес. Осы дау-дамайдың дабырайып кетуінің себебі мен салдары.

Қысқасы, мұның бәрі өнер саласындағы біртұтас ортаның болмағандығын аңғартады. Қазақтың өткен тарихында да тағдырымыз талай рет додаға түскені анық. Десе де, біз білетін кешегі Тұнықоқ, бертінгі Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, кешегі Мұхтар Әуезов пен Ахмет Жұбановтай данышпандар сегіз аяқты тұрған қаншама жәдігерді жанымен, арымен қорғап қалды. Ал білмейтініміз бұдан көп. Физикалық заңдылық бойынша біз олардан парасатты, ақылды, алғабасар болуға тиіс едік. Өкінішке орай, бола алмай-ақ келеміз. Неге?

Дей тұрғанмен, көңілге жылылық ұялататын игілікті істерден құры алақан емеспіз. Б. Римова атындағы облыстық драма театр Тәкен Әлімқұловтың «Қош бол, Қараой» әңгімесінің желісі бойынша жазылған спектаклді ел назарына қайта ұсынды. Қалың көрерменнің жылы қабылдауына ие болған қойылымды алғаш рет Қайрат Сүгірбековтің сахналағанын білетін көзі қарақты көрермен өмірден ерте өткен талантты режиссер Қайраттың қойылымын қайта жаңғыртқан Сағындық Жұмаділге ризашылығын білдірді. Қайрат ағамыз Тәкен Әлімқұловтың «Қош бол, Қараой» атты әңгімесінің желісі бойынша, Махамбеттің соңғы күндері туралы спектакль қойсам деген ойын айтқанда, бірден қоштаған әртістер шығармамен таныса келе тың дүниенің сахна төріне шығатынына зор сенім білдірген. Кейіннен бұл қойылым қоюшы режиссер Қайрат Сүгірбеков пен сценографиясын жасаған театрымыздың талантты суретшісі Қазақстан Республикасының Жастар одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты Қарлығаш Шалабаева және музыкамен әрлеуші Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, композитор Әбдірбек Тінәлидей талантты үштіктің ортақ шешімінің арқасында көрермендер мен сыншылардың көңілін селт еткізер үлкен туынды болып шыққанына қалың жұртшылық куә.

Осы жерде тағы бір айта кетерлігі, қойылым ақын Махамбет Өтемісұлы жайында болғандықтан, Тәкен Әлімқұловтың әңгімесі бойынша бас кейіпкердің бейнесін ашу жетіспейді. Осыған орай, Қайрат ағамыз ақынның ойын өлең сөзбен беруді ұйғарып, ақын Қуат Қайранбаевқа қолқа салады. Нәтижесінде өлең мен ой бірге өрілген көрініс көрерменін бірден баурап алады. Осылайша, аталған спектакль Махамбет Өтемісұлының ЮНЕСКО бойынша тойланған 200 жылдық мерейтойына орай, Орал қаласында өткен театр фестивалінде қатысып, қазылар алқасының шешімімен жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Осы фестивальде артистердің Махамбеттің өмірінің соңғы күндерін тап басып көрсетуі өнерсүйер қауымның, сыншылардың назарын өздеріне аударды. Бұл талмай ізденудің, өнер адамдары арасындағы кәсіптік байланыстың нәтижесі екендігі, аға ұрпақпен бүгінгі буынның сабақтастығының өлшемі болатындығы даусыз. Тірнектеп жинасақ, мұндай мысалдың бірталайын келтіруге болар еді. Бастысы, осыдан-ақ жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын түсіне жатарсыз.

Әлбетте, бүгінгі жағдай өткенмен салыстыруға келмейді. Экономикалық жағдайымыз, әлеуметтік әлеуеті, әмірге көзқарас әлемдік деңгейге көтерілді. Төрт құбыламыз тең деуге әбден болады. Бірақ, бір нәрсе жетпей тұрғаны анық. Әр санада: «Неге біз ұсақталып бара жатырмыз?», – деген сұрақтың тұратыны рас. Оның жауабын да білеміз. Бірақ, біле тұра білместікке салынамыз.

Қазір жаһандану процесін бастан кешудеміз. Рухы, өнері, экономикалық қуаты әлсіз шағын мемлекеттер шортандардың көмейіне жұтылып, өзін-өзі құрдымға батырады. Сондықтан, рухани байлық тұғырымызды қалаушылар өз тағдырын ұлт, мемлекет тағдырынан бөлек қарамайық. «Қазақ қазақ ісіне қазақ боп кірісkенде ғана ісі оңға басады». Шортан тұрмақ, кит те өңешіне сыйдыра алмайды. Ең бастысы, сөзөнер, театр, кино, сурет өнеріне тамызық, нәр, мазмұн, серпінді қанат бітіретін әдебиет жер бауырлап, жорғалап қалмай, парлап ұшатын күнін жоғалтып алмауын тілейік.

Біздің өскен ортамыз халқы да көп, байлығы да ұшан-теңіз (ісіне аспай бос жатқаны қаншама(?!), жердің сұлуы, жер жаннаты – Жетісу. Тарихы – терең, халқы – мәрт, өнер кеніші. Жеріне екі Франция сыйып кететіндігіне тек мерейіміз өсуі қажет. Сонда мұнда екі Францияның өнері гүлдеп, жұпарын шашып, жемісін үздіретін мүмкіндігі асып төгіледі. Бірақ Жетісу әдебиеті, саз өнері, театр, киносын табанынан тік тұрғызып, бір-бірімен нәр алғызып, қолдатып, қоламтаны үрлеп, шоққа айналдырар ұйытқы әлсіз. Ортақ өгізден оңаша бұзау әотықтығын жақсы көретін, еңжарлық психология үстемдік құруда. Ең басты қасиетті борыш – Жетісу руханиятын бірлесіп жасап, өнердің атағын асқақтатуға бірлескен күш әлі жұмыла қоймай отыр. Керек десеңіз, жүзге таяу Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі бар облыстық бөлімше Алматы қаласында өмір сүріп жатыр, мұнда оның шаруасы да жоқ. Санда бар, санатта жоқ. Бізше, бөлімше облыс орталығына көшіп келіп, жазушы-ақындарды оқырмандарымен табыстырып,олардың Жетісудың тереңде жатқан бай тарихына бойлатып, облыс ақын-жазушыларының жаңа шығармасын насихаттап, Жетісу өнеріне, жеті өзеннідей бұлқынта ағуына шарапаты тиетін қоғамдық әдеби журнал ашатын күн баяғыда туған. Ал Қазақстан Суретшілер, Журналистер, Театр одақтарының тіпте алуға татырлық тиянақты іс көріп отырған жоқпыз.

Қысқасы, қазір өзіміздегі кемшілікті нарықтық қатынастың қалтарысынан іздеуді әдетке айналдырдық. Әлбетте, бәріне нарықтық қатынас кінәлі емес. Осы тұста ойыма бір мысал оралды.

Бірде Сервантес басында жыртық малақайы, олпы-солпы киіммен көше бойлап келе жатып, қалталы таныстарына жолығады.

Сонда таныстары:

– Сервантес мырза, басыңыздағы немене, бас киім бе?, – деп қағытады.

Сервантес болса:

– Апыр-ау, сіздің бас киіміңіздің астындағы бас па? – деп жауап беріпті.

Әрине, өнер адамдары әр нәрсені бас киіммен емес, баспен өлшеуі керек. Тағы бір жағынан, «Төртеу түгел болса төбедегіні келтірер» есімізден шығармайық. Сондықтан, өнер адамдары бірін-бірі қолдап, бағасын асырып, кемшілігін жасыратын жағдайға жетпей, өнер көшін алға жылжыта алмайды. Айтыс-тартыс та бітпейді. «Алла не берсе де ниетке береді» демекші, ниетіміз түзу болсын, ағайын.

СӘРСЕНБІ 29 ТАМЫЗ

07.00 «Іске сәт!»
09.00 Жаңалықтар
09.10 Сериал «Жаным»
10.00 Новости
10.10 Сериал «Түнмен қайда болдың, Мэри?»
11.00 Жаңалықтар
11.10 «Сонымен, солай дейік...»
12.00 Док.фильм
13.00 Жаңалықтар
13.15 «Көзқарас»
13.40 Док.фильм
14.00 Новости
14.15 Сериал «Июньская ночь»
15.45 Сериал «Көктем вальсі»
16.40 Док.фильм
17.00 Жаңалықтар
17.15 «Таразы»
18.00 Новости
18.15 Сериал «Белгісіз аймақтар»
19.15 «Сонымен, солай дейік...»
20.00 Жаңалықтар
20.30 Арнайы репортаж
21.00 Новости
21.30 Док.фильм
22.15 Сериал «Июньская ночь»
01.00 Жаңалықтар

БЕЙСЕНБІ 30 ТАМЫЗ

07.00 «Іске сәт!»
09.00 Жаңалықтар
09.25 Х.Ф «Одноклассники»
10.00 Новости
10.10 Х.Ф «Одноклассники»
11.00 Жаңалықтар
11.20 Х.Ф «Девушка-джигит»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Док.фильм
14.00 Новости
14.15 «Әлем әзілі»
17.15 «Бірлігіміз жарасқан»
18.00 Новости
18.15 Худ.фильм
20.00 Жаңалықтар
20.30 «Қазақстан: әлеуметтік жобалар»
21.00 Новости
21.30 Специальный выпуск
22.40 Концерт

СӘРСЕНБІ 29 ТАМЫЗ

09.00 Балалар уақыты
09.20 «XXI ғасыр көшбасшысы»
10.00 Сериал «Пора тюльпанов»
11.00 Дер.фильм
11.30 «Берекелі дастарқан»
12.00 «Жарайсың»
12.30 Сериал «Дурнушка Бетти»
13.20 «Мүмкін емес»
14.00 Сериал «Поющие в терновнике»
15.10 Сериал «Сұлтан Сулейман»
16.20 «Сүйінші»
17.20 «Жарайсың»
17.55 Волейбол
20.00 Сериал «Сұлтан Сулейман»
21.00 Сериал «Мужчина во мне»
21.50 Сериал «Сплетница»
22.45 Сериал «Поющие в терновнике»

БЕЙСЕНБІ 30 ТАМЫЗ

09.00 «Ата Заң»
10.00 Сериал «Пора тюльпанов»
11.30 «Сенім. Білім»
12.00 «Жарайсың»
12.30 Х.Ф «Девушка-джигит»
14.05 Концерт
15.10 Сериал «Сұлтан Сулейман»
16.20 Концерт
17.30 «Жарайсың»
17.55 Волейбол
20.00 Сериал «Сұлтан Сулейман»
21.00 Х.Ф «Фото моей девушки»
22.30 Х.Ф «Ликвидатор»

СӘРСЕНБІ 29 ТАМЫЗ

06.55 Әнұран
07.00 «Таңшолпан»
09.00 Жаңалықтар
09.40 «Халық таңдауы»
10.00 Сериал «Махаббаттың мұңды әні»
11.00 Жаңалықтар
11.15 Сериал «Қайта бүр жарған шынар»
12.10 Сериал «Болашақ»
13.00 Иман айнасы»
13.25 «Ғибратты ғұмыр»
13.55 «Даму»
14.15 «Сыр-сұхбат»
15.00 Мультфильм
15.20 «Ән-жұмбақ»
15.55 Сериал «Махаббаттың мұңды әні»
17.00 Жаңалықтар
17.20 «Халық таңдауы»
17.35 Дер.фильм
18.05 Сери Сериал «Марпл ханым»
19.15 «Өрлеу»
19.30 Сериал «Қайта бүр жарған шынар»
20.30 Жаңалықтар
21.05 Сериал «Болашақ»
21.55 «Келбет»
22.30 Сериал «Келін»
23.50 Жаңалықтар
00.30 Х.Ф «Жағымды жаза»

БЕЙСЕНБІ 30 ТАМЫЗ

06.55 Әнұран, аңдатпа
07.00 «Таңшолпан»
09.00 Жаңалықтар
09.40 «Арнайы тележоба»
10.50 «Өрлеу»
11.10 Сериал «Болашақ»
12.00 Концерт
13.10 «Сыр-сұхбат»
14.05 «Толағай»
14.45 «Ән-жұмбақ»
15.15 «Риясыз әңгіме»
16.35 «Өрлеу»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Х.Ф «Әурелең»
19.10 Патриоттық әндер
20.30 Жаңалықтар
21.05 Сериал «Болашақ»
22.00 Арнайы хабар
22.40 Х.Ф «Көшпенділер»
00.25 Жаңалықтар

СӘРСЕНБІ 29 ТАМЫЗ

06.00 «Понять. Простить»
07.00 «Доброе утро»
10.00 Новости
10.05 Сериал «Медовый месяц»
10.55 Сериал «Маруся»
11.40 Сериал «Ласточкино гнездо»
12.10 Сериал «Женить Казанову»
14.25 Жаңалықтар
14.50 Сериал «Маруся»
15.50 Сериал «Сердце Марии»
17.25 «Давай поженимся»
18.30 Жаңалықтар
19.05 Сериал «Дикий»
20.00 Сериал «Когда ее совсем не ждешь»
21.25 «Пусть говорят»
22.25 Сериал «Чистая проба»
23.25 «Время»
24.00 Х.Ф «Коснуться неба»

БЕЙСЕНБІ 30 ТАМЫЗ

06.00 «Понять. Простить»
07.00 Сериал «Пляжная компания»
08.00 Сериал «Ласточкино гнездо»
08.30 Новости
09.15 Х.Ф «Петр Первый»
13.15 Концерт
16.00 Х.Ф «Диверсант»
18.30 Жаңалықтар
19.05 Х.Ф «Диверсант»
22.00 Сериал «Чистая проба»
23.00 Концерт

СӘРСЕНБІ 29 ТАМЫЗ

06.00 Открытие вещания
06.05 Разминка «Қара жорға»
06.10 Сериал «Тени исчезают в полдень»
07.10 Мультсериал
08.00 «Япыр-ай»
08.50 Разминка «Қара жорға»
09.00 «Рейдер»
09.15 Х.Ф «Деревенский романс»
11.00 «Давай, поженимся»
12.00 Новости
12.30 «Рейдер»
12.50 Сериал «Глухарь»
13.40 «Звездная жизнь»
14.40 Сериал «Бесценное время»
16.00 Докфильм
16.25 «Моя правда»
17.00 «Не ври мне»
18.00 «Давай поженимся!»
19.00 Сериал «Принцесса хлопковых полей»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Новости
21.30 Сериал «Холодное сердце»
23.20 «Рейдер»
23.40 Сериал «Глухарь»
00.35 Футбол

БЕЙСЕНБІ 30 ТАМЫЗ

06.00 Открытие вещания
06.05 Разминка «Қара жорға»
06.10 Концерт
08.50 Разминка «Қара жорға»
09.00 «Каламбур»
09.30 «Звезды юмора»
11.00 «Давай, поженимся»
12.00 Новости
12.30 Х.Ф «Стерва»
14.15 Сериал «Принцесса хлопковых полей»
15.45 Концерт
18.00 «Давай поженимся!»
19.00 Сериал «Принцесса хлопковых полей»
20.30 Х.Ф «Любовь и голуби»
22.30 Сериал «Холодное сердце»
00.40 Футбол

СӘРСЕНБІ 29 ТАМЫЗ

07.00 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Замана
10.40 Сыр сандық
11.10 К/ф «Қайсар ханша» 66-бөлім
12.04 Сазды сәлем
12.35 «Тарих»
13.04 Концерт «Махаббат бағы»
16.25 Д/ф «Спасение животных»
17.10 «Сазген» ансамблінің концерті
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
19.00 К/ф «Қайсар ханша» 67-бөлім
20.00 Супер келін
20.30 Жаңалықтар
21.00 Замана
21.30 Новости
22.00 Сазды сәлем
22.30 Телесериал
23.30 Жаңалықтар
23.50 Новости

БЕЙСЕНБІ 30 ТАМЫЗ

07.00 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Замана
10.30 Супер келін
11.00 К/ф «Қайсар ханша» 67-бөлім
12.00 Сәлем хат
12.35 Д/ф «Ғасырға бергісіз 20 жыл»
13.05 Концерт «20 жылдыққа 20 жылқы»
15.15 Д.ф. «Казахстанский путь к лидерству»
15.50 К/ф «Гауһартас»
17.15 «Ұлт рухын көтерген сазгер»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
19.00 Концерт
20.00 Д/ф «Ғасырға бергісіз 20 жыл»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Замана
21.30 Новости
22.00 Сазды сәлем

СӘРСЕНБІ 29 ТАМЫЗ

06.00 Әнұран
06.00 «Ризамын»
07.00 Қазақша концерт
08.00 «Самое смешное шоу»
09.30 Фантастический фильм
11.30 «Попкорн»
12.30 «Галилео»
13.30 Анимационный фильм
15.00 Сериал «Волшебники из Бейверли Плейс»
15.30 «Самое смешное шоу»
16.00 «6 кадров»
16.30 «Галилео»
17.30 «Попкорн»
18.00 «Әзіл студио»
18.30 Сериал «Запретная любовь»
20.00 Сериал «Запретная любовь»
21.30 Сериал «Где моя дочь?»
22.30 Х.Ф «Лорд Дракон»

БЕЙСЕНБІ 30 ТАМЫЗ

06.00 Әнұран
06.00 «Ризамын»
06.30 Мультфильм
08.30 Сериал «Волшебники из Бейверли Плейс»
09.30 Мультсериал
12.00 Х.Ф «Бобби»
15.00 «Қазақша концерт»
16.00 «Попкорн»
16.30 Мультсериал
19.30 «Шрек»
21.30 «Қазақша концерт»
22.30 Х.Ф «Уловки Норбита»

Қауырсын қалам

Облыстық «Вечерний Жетісу» газеті мен облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің бірлескен жобасы

Тәуелсіздік тірегім



Біз өте бақытты ұрпақпыз. Себебі, ата-бабамыз қанын төгіп, жанын беріп, аңсап кеткен тәуелсіздікте, азаттық туының астында өмір сүрудеміз. Осы тәуелсіздік жолында бабаларымыз басынан не кешпеді десейші?!

Үш жүз жылдық жоңғар-қазақ қырғынында Абылайхан бастаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай секілді қазақ батырлары өз жерін ерлікпен қорғап, қасық қаны қалғанша шайқасты. Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді дана билеріміз үш жүздің бірлігін берік ұстап шешендігімен сөз бастап төрелік еткен. XIX ғасырдың екінші жартысында Шоқан, Ыбырай, Абай аталарымыз халықты білімге шақырса, XX ғасырдың басындағы қазақ халқының көрнекті өкілдері А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаевтар ұлт санасын оятып, "елім" деп еңіреп, "халқым" деп қайысты.

"Отан үшін отқа түс – күймейсің" деп Бауыржан атамыз айтқандай, азаттық жолында құрбан болған, азап шегіп, қасірет тартқан аға-апаларымызды қалайша ұмытпақпыз? Әрине, біз кейінгі ұрпақ, халқымыздың ерлік дәстүрін әрі қарай жалғастырамыз. Аңсап жеткен Тәуелсіздігіміз орнықты, аспан түстес Көк туымыз бейбітшілік көгінде желбіреп, Гимніміз асқақтата шырқалуда. Алғашқы жылдардағы аласапыран тірлік қалыпты өмірге ұласты. Халқымыз өтпелі кезеңнен абыройлы өтіп, экономикамыз өрлеу жолына түсті.

Елбасымыздың қолдауымен әр жыл ел дамуына ерекше орын алатын бағыттарға арналып, тарихымыз таразыланды, бірлігіміз бекіп, мәдениетіміз өсіп, денсаулық саласы нығайып келеді. Осының бәрі – тұңғыш рет әлемдік дәрежеге көтерілген мемлекеттің түтінін түзу ұшырып, іргесін бекітудегі алдыңғы толқын ағалардың жиырма жыл ішінде атқарған жұмыстары. Дербес тәуелсіз ел болу деген қандай бақыт! Десе де, ел болу ерлікке, еңбекке, бірлікке байланысты. Өйткені "бірліксіз тірлік жоқ, тірліксіз бақыт жоқ". Бірлік салтын, яғни ел бақытын сақтау үшін жан аямай күресу, еңбек ету – әрбір адамның борышы.

Халқымыздың берік бірлігі, ұйымшылдығы, басқа халықтармен одақтасып достаса білуі жеңістен-жеңіске жеткізіп, жеріміздің кеңдігін, еліміздің елдігін сақтап қалуға үлкен тірек болады деп сенемін.

Алтынай ҚОЖАБЕКОВА,
№6 орта мектептің
10-сынып оқушысы.

Талдықорған.



АНА ТІЛІ

Ана тілім – ән тілім,
Айтуға оңай – сән тілім.
Үйренемін мен одан,
Әріптердің әр түрін.

БАЛАЛЫҚ БАЗАР

Үлкен адам боламын,
Тәңір жазса, лайым.
Ал, қазірше баламын,
Ойнап, ойнап алайын.

СІҢІЛІМ БАР СҮЙКІМДІ

Әкем де бар, шешем бар,
Табылатын қасымнан.
Сіңілім бар сүйкімді,
Ешнәрседен жасыман.

Ажар АНДАС,
№2 орта мектептің
1-сынып оқушысы.

Талдықорған.

ҮЛГІ ЕТЕМІН ҰСТАЗЫМДЫ

(Ақжолова Шамалия Ауғанбайқызына арнаймын)

Үйретті алғаш апайым «А»-ны маған,
Таныттың талай әріп танымаған.
Санама сарқылмайтын сәуле құйып,
Ұстаздық қасиеттен жаңылмаған.

Білім алдың төрт жыл мен ұстазымнан,
Көріндім озаттардың қатарынан.
Ұстаздың ұлы еңбегін ұмытпаймын,
Үлгі алам отыз жылдық сапарынан.



Ұрпаққа білім беріп шаршамаған,
Ұстаздар мейірімді басқа жаннан.
Алдыңа биік мұрат, мақсат қойып,
Баспаған әрқашанда артқа қадам.



Шамалия апайды мен қимаймын,
Көрсеткен ақылдарын ұмытпаймын.
Турашыл әрі шыншыл қасиетін,
Үлгі етіп, мәңгі-бақи ұлықтаймын.

Жайна ТҰРАРБЕК,
№25 орта мектептің 4-сынып оқушысы.

ЖЕРҰЙЫҚ ЖЕР

Армысың, сұңғақ өлке сұлу далам,
Жасаған сенде талай ұлың қадам.
Кешегі Әсет, Біржан, Жамбылдардың,
Бойынан тұнба жыры туындаған.
Бақтыбай, Қатағандар айтысқанда,
Жиылған жамағаты шуылдаған.
Бұқардың сөздерінен тәлім алам,
Тастапты Мұқағали мұңын маған.
Кешегі Сүйінбай мен Көдек ақын,
Халыққа жұлдыз болып жымыңдаған.
Солардың жолын қуған ұрпағы едім,
Ешқашан қара өлеңнен суынбаған.
Өленді үйтқып айтам жел өтіндей,
Жарысып секундпенен зырылдаған.
Топырағың торқа болсын Жамбыл бабам,
Ұрпақтың өнегенді қабылдаған.
Кешегі Құлманбетпен айтысыңды,
Бүгінде халық аз ба, сағынбаған?
Айкүміс, Бұрымдарымен жолықсаңда,
Өленнен қызыл тілің жалықпаған.
Бақтыбай, Сарбастармен айтысқанда,
Атылдың оқ секілді адырнадан.
Ұлы Отан соғысында сарбаздарға,
Жырларың қуат берді жалындаған,
Есіме есіл бабам оралғанда,
Өлеңнің туын ұстап дабыл қағам.

Дәурен АЛҒЫСБЕК,
Жетісу орта мектебінің
10-сынып оқушысы,
Ж. Жабаевтың 165 жылдығына орай
өткізілген республикалық
ақындар айтысының
бас жүлдегері.

Ескелді ауданы.



ТУҒАН ЖЕР

О, туған жер не деген
ыстық едің,
Әр балаңды бауырыңа
қысып едің.
Бауырмалдық,
дарқандық, ізгілікті,
Сенің асыл қасиетіңнен
түсінемін.

Жұмақ мекен Шамалған алтын ұям,
Өзің жайлы айтамын шалқытып ән.
Аумағыңның тамаша пейілінен,
Отанымның кеңдігін түсіне алам.

Туған жері Шамалған Елбасының.
Бағалайды қашанда ел асылын.
Бойға қуат, шабыт пен жігер алған,
Сол өлкенің ізбасар мұрасымын.

Ақыл МҰҚАТАЙ,
4-сынып оқушысы.

Шамалған ауылы, Қарасай ауданы.

Домбыра

Күмбірлеген домбыра,
Алған кезде қолыма.
Ерекше күйге енемін,
Көңілім толқып шертемін.
Домбыра деген киелі,
Талай сыр ойға түйеді.
Маған қымбат әрдайым,
Оның перне, тиегі.


Отбасым

Анам мен әкем тірегім,
Соғып тұрған жүрегім.
Сіңілім мен інімді
Еркелетіп жүремін.
Ақ әжемді сағынып,
Тәңірге күнде табынып,
Аман-сау жүр әрқашан
Сұрарым осы жалынып.

Апама

Апам менің ардақты,
Күмістен де салмақты.
Еркелетіп үнемі,
Қасымызда жүреді.
Немересін сүйетін,
Бірге жылап, күлетін.
Құртын, майын, қатығын,
Бізге сақтап жүретін.

Талшын ӨМІРЗАҚ,
№14 орта мектептің
4-сынып оқушысы.



Назерке ЕРКЕМБАЕВА, №13 орта мектептің 4«а»-сынып оқушысы.

ТІЛ ТАҒДЫР

Тілім менің – еліміздің тағдыры,
Мәңгі сөнбес тәуелсіздік ән-жыры.
Құнымызды жоғалтқысы келмесе,
Ана тілді қадірлесін барлығы.

Ана тілмен ашық сенің аспаның,
Күнің ерек, биік мүлде асқарың.
Сап бұлақтың қадірі бар бойында,
Тазалықтан алғандықтан бастауын.

Жатыр онда біз білмейтін құдірет,
Сырлы, сұлу ойлары бар керемет.
Дара тілім мойындатып әлемді,
Ұлылықтың шам-шырағын дүрілдет.

Гүлнұр ТАЛДЫҚБАЕВА,
М. Жұмабаев атындағы №19 орта
мектептің 10-сынып оқушысы.

СЫРЛАСУ

Шуақты да, мөп-мөлдір қазақ тілім,
Өзіңмен байланысты азат күнім.
Әуезді, сазды, назды, тілге жеңіл,
Жүректі жылытады ғажап үнің.

Алмас қылыш сияқты наркескенім,
Желпітеді жанымды нұр көктемің.
Ақыл беріп, тозбайтын нақыл егіп,
Өмірімді келесің сәндеп менің.

Нұрландырып балалардың бау-бағын,
Құлшындырып биіктерге арманын.
Сенің жарқын, өршіл құдіретіңмен,
Білімімді биіктерге жалғадым.

Рахат РАХЫМЖАНҰЛЫ,
М. Жұмабаев атындағы№19 орта
мектептің 10-сынып оқушысы.

ЖОЛДЫҢ ДА КИЕСІ БАР

Көптеген шығармаларды оқып отырып, сырлы дүниенің құпиясы туралы таңғажайып жазбаларға тәнті боласың. Тіпті, «Мүмкін емес» немесе «Айтуға оңай», – деп өзіңді-өзің жұбатасың. Кейде сондай бір сырлы оқиғаларға өзің куә болғанда: «Расында, солай екен-ай», – деп ойланып қаласың.

Менің басымнан сондай бір қызықты жағдай өтті. Өткен жылы желтоқсан айында Еңбекшіқазақ ауданына жол жүрмек болдым. Сол күні бір досым: «Бүгін жолға шықпай-ақ қой. Түнде саған қатысты жаман түс көрдім. Жүрегім қобалжып тұр», – деп ескертті. Бірақ, мен: «Түс түлкінің боғы деген екен. Құдай сақтасын!», – деп оның айтқанына мән бермей жолға шықтым.

Талдықорғаннан шыққан жеңіл көлік Мұқырыдан өткенде не болғаны белгісіз, тайғанақтап барып, жол бойындағы үлкен қарағашқа соғылып тоқтады. Абырой болғанда, быт-шыты шыққан көліктен зардап шеккендер болмады. Енді біз келесі бір көлікке ауыстық. Арқарлының асуына жеткенде өлгі көлігіміз алдына келе жатқан «КаМАЗ» автокөлігімен жолға таласып, ақыры екеуі соғылып тынды. Бір көліктегі екі «кісі жедел жәрдеммен» ауруханаға жеткізілді. Аман қалған сапарласым екеуіміз үшінші рет басқа көлікке міндік. Алматыға кіреберісте үш көлік мұздың кесірінен соқтығысып жанымдағы үш адам зардап шекті. Міне, осылай, бір күнде үш рет көлік апатын басымнан өткеріп, ауылға әзер жеттім.

Осыдан кейін айналамдағы адамдардың пікіріне мән беруді үйрендім. «Алла тағала да сақтансаң, сақтаймын», – деген екен ғой. Сол сөздің шындығына имандай сендім.

Толғанай САТБЕКОВА.

Жауапты шығарушы:
Қажет АНДАС.
Айнагүл ҮШКЕМПІРОВА.
Байланыс телефондары:
8 (7282) 24-30-57,
8 (7282) 27-18-76.

ВЕЧЕРНИЙ ЖЕТІСУ
Алматинская областная информационно-рекламная газета
Распространяется на территории Алматинской области.

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. Регистрационный номер №11825-Г. от 29.06.2011 года.

Газета набрана и сверстана в компьютерном центре редакции и отпечатана в типографии «Офсет» филиала ЗАО «Алматы-Болашак», ул. Кабанбай батыра, 32

Любое использование материалов, в том числе путем перепечатки, допускается только по согласованию с редакцией. Ответственность за содержание рекламных материалов несет рекламодатель. Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции.
Рукописи и письмо, направленные в редакцию, не рецензируются и не возвращаются. Направление письма в редакцию является согласием на обработку (в том числе публикацию в газете) персональных данных автора письма, содержащихся в этом письме, если в письме не указано иное.

Заказ № 1260
Тираж 13250

Адрес редакции:
040000,
Алматинская область,
г. Талдыкорган,
ул. Кабанбай батыра, 32.
тел.: 8 (7282) 241 393,
243 445, 274 197.
e-mail: evening-zhetysu@mail.ru

Собственник и издатель газеты «Вечерний Жетісу»
ТОО "Журнал "Шынгысхан"
Директор
Асхат БИМЕНБЕТОВ

Главный редактор
Асхат АЛТЫНБЕКОВ
Зам. редактора
Татьяна ДЕМИДОВА
Начальник центра продаж и рекламы
Асылбек САГАДИЕВ